

СӘС

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІ
ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН
ҚОРҒАУ КОМИТЕТІНІҢ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ
ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ
МҰНАЙЛЫ АУДАНДЫҚ ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ
ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ БАСҚАРМАСЫ»
Республикалық
мемлекеттік мекемесі



Республиканское
государственное учреждение
«МУНАЙЛИНСКОЕ РАЙОННОЕ УПРАВЛЕНИЕ
ПО ЗАЩИТЕ ПРАВ ПОТРЕБИТЕЛЕЙ
ДЕПАРТАМЕНТА ПО ЗАЩИТЕ
ПРАВ ПОТРЕБИТЕЛЕЙ
МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ПО ЗАЩИТЕ ПРАВ ПОТРЕБИТЕЛЕЙ
МИНИСТЕРСТВА НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

130600, Мұнайлы ауданы, Маңғыстау селосы
тел/факс 8(7292)465464

130600, Мунайлинский район, село Мангистау
тел/факс 8(7292)465464

Мәтін № 987.
21.05.15.ж

**Мұнайлы аудандық білім
бөлімінің МКҚК №9 «Бәйтерек»
балабақшасы директорының м.а.
М.Титановаға**

Сіздің 28.04.2015ж. шығыс №23 хатыңызға сәйкес, Мұнайлы ауданы, Маңғыстау-5 тұрғын массивінде орналасқан, 280 орынға арналған Мұнайлы аудандық білім бөлімінің МКҚК №9 «Бәйтерек» балабақшасының санитариялық-эпидемиологиялық зерттеп-қарау актісі мен санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысын жолдайды.

Жалғанды: санитариялық-эпидемиологиялық зерттеп-қарау актісі мен санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысын (7 бетте).

**Мұнайлы аудандық
тұтынушылардың құқықтарын
қорғау басқарма басшысының м.а.**

Б.Исаева

	Нысанның БҚСЖ бойынша коды (Код формы по ОКУД) КҰЖЖ бойынша ұйым коды (Код организации по ОКПО)
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Министерство здравоохранения Республики Казахстан	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2011 жылғы 20 желтоқсандағы № 902 бұйрығымен бекітілген № 119/е нысанды медициналық құжаттама
«Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау органының атауы Санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органының атауы Наименование государственного органа санитарно-эпидемиологической службы	Медицинская документация Форма 119/у Утверждена приказом Министра здравоохранения Республики Казахстан от 20 декабря 2011 года № 902

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды Санитарно-эпидемиологическое заключение

№ 204

21» мамыр 2015ж. (г.)

1. Санитарлық-эпидемиологиялық сараптау (Санитарно-эпидемиологическая экспертиза): Мұнайлы ауданы, Маңғыстау селолық округі, Маңғыстау-5 тұрғын массиві, типтік жобамен салынған 2-қабатты ғимаратта орналасқан, 280 орынға арналған Мұнайлы аудандық білім бөлімінің МКҚК №9 «Бәйтерек» балабақшасын жұмысқа қабылдау үшін, санитарлық-жағдайы бойынша санитарлық қорытынды беру мақсатында,

пайдалануға берілетін немесе қайта жаңартылған нысандардың, жобалық құжаттардың, тіршілік ортасы факторларының, шаруашылық және басқа жұмыстардың, өнімнің, қызметтердің атауы/строительство, проектной документации, реконструкции или вводимого в эксплуатацию, факторов среды обитания, хозяйственной и иной деятельности, работ, продукции, услуг, транспорт) Жүргізілді (Проведена): Мұнайлы аудандық білім бөлімінің МКҚК №9 «Бәйтерек» балабақшасының директорының м.а. М.Титанованың-28.05.2015ж. шығыс №23 хаты негізінде,

өтініші, ұйғарым, қаулы бойынша, жоспарлы түрде және басқалай (күні, нөмірі)

2. Тапсырыс (өтініш) беруші (Заказчик) (заявитель): Мұнайлы ауданы, Маңғыстау селолық округі, шаруашылық жүргізуші субъектінің толық атауы, мекен-жайы, телефоны, жетекшісінің тегі, аты, әкесінің аты, қолы. (полное наименование хозяйствующего субъекта (принадлежность), адрес/месторасположение объекта, телефон, Фамилия, имя, отчество/руководителя)

Маңғыстау-5 тұрғын массиві, типтік жобамен салынған 2-қабатты ғимаратта орналасқан, 280 орынға арналған Мұнайлы аудандық білім бөлімінің МКҚК №9 «Бәйтерек» балабақшасының директорының м.а. М.Титанова

3. Санитарлық-эпидемиологиялық сараптау жүргізілетін нысанның қолданылу аумағы (Область применения объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы) Мұнайлы ауданы, Маңғыстау селолық округі, Маңғыстау-5 тұрғын массиві, типтік жобамен салынған 2-қабатты ғимаратта орналасқан, 280 орынға арналған Мұнайлы аудандық білім бөлімінің МКҚК №9 «Бәйтерек» балабақшасы

сала, қызметтік аясы, орналасқан орны, мекен-жайы

4. Жобалар, материалдар дайындалды (Проекты, материалы разработаны (подготовлены)

5. Ұсынылған құжаттар (Представленные документы): Мұнайлы аудандық әкімдігінің 02.02.2015 19.02.2015ж. №24-қ Мұнайлы аудандық білім бөлімінің «№9 «Бәйтерек» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнын құру туралы қаулысы, Мұнайлы облысының әділет департаменті Мұнайлы ауданының әділет басқармасының заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтамасы, 150240023065 бизнес-сәйкестендіру нөмірі, 14.04.2015ж. №67 дезинсекция, дератизация қызметін көрсету мақсатында «Сурайя» ЖШС-нің келісім-шарты, 01.03.2015ж. №2-2015 Септикті толуы бойынша уақытында тазалау мақсатында жеке кәсіпкер «Орынша» келісім-шарты, 01.04.2015ж. №37 Тұрмыстық қатты қалдықтарды тасып шығару қызметін көрсету мақсатында «Мұнайлы-Қызмет» ЖШС- мекемесімен келісім-шарты, 29.04.2015ж. №68 ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында жеке кәсіпкер «Шурмеков О.К» келісім-шарты, 24.04.2015ж. №215 су үлгісінің микробиологиялық зерттеу хаттамасы, 23.04.2015ж. №373-382 шайынды үлгілерін микробиологиялық зерттеу хаттамасы ұсынылды.

атаулары мен олардың ұсынылған уақыты

6. Өнімнің үлгілері ұсынылды (Представлены образцы продукции) _____

7. Басқа ұйымдардың сараптау ұйғарымы (егер болса) (Экспертное заключение других организаций если имеются)

ұйғарымды берген ұйымның атауы

8. Сараптама жүргізілетін нысанның толық санитарлық-гигиеналық сипаттамасы мен оған берілетін баға (қызметке, үрдіске, жағдайға, технологияға, өндіріске, өнімге) (Полная санитарно-гигиеническая характеристика и оценка объекта экспертизы (услуг, процессов, условий, технологий, производств, продукции) Жоспардан тыс тексеру Мұнайлы аудандық білім бөлімінің МККК №9 «Бәйтерек» балабақшасы директорының м.а. М.Титанованың 28.05.2015ж. шығыс №23 хаты негізінде жүргізілді.

280 орынға арналған балабақша, Мұнайлы ауданы, Маңғыстау селосы, Маңғыстау-5 тұрғын массивінде орналасқан, типтік жобамен салынған 2-қабатты ғимаратта орналасқан. Балабақшаның аумағы 1,6 – 1,8 м биіктіктегі темір тормен қоршалған. Көгалдандыру жұмыстары жандандырылған, яғни аумағының 30-35% көгалдандырылған. Өсіріліп жатқандардың ішінде улы жемістер, гүлдегенде мамықты тұқымдар беретін ағаштар мен бұталар жоқ. Балабақшаның қызыл сызыққа дейінгі қашықтығы сақталған. Балабақшаның учаскесінде 1-топтық ойын алаңы, әр топқа арналған көлеңкелі калқалар және шаруашылық аймақтары орналастырылған. Ойын алаңында орналасқан жабдықтар берік етіп бекітілген. Жабдықтардың бетінде шығыңқы немесе кедір-бұдырлы жерлер, көрінетін бұрандалар жоқ. Көлеңке түсіретін қалқалардың едені ағаш тақтайлардан жасалған, үш жағынан қоршалған. Қоқыс жинауға арналған алаң үш жағынан қоршалып, асты бетондалған, тығыз жабылатын қақпақтармен жабдықталған ғимараттан 25 м қашықтықта орналасқан. Балабақшаның айналасы таза ұсталған және жарاقاتтануға себеп болуы мүмкін бөгде заттар жоқ. Қауіпсіздік шараларын алдын алу мақсатында сыртқы кіреберіс есіктерінің үстіне қалқалар орнатылған. Балабақшаның шаруашылық аймағында жылу қазандығы, су жинауға арналған 25 м³ - 2-сыйымдылық және өрт қауіпсіздігіне арналған 75 м³ - 2 сыйымдылық, 3 камералы 84 м³ септик, трансформатор подстанциясы және қоқыс жинау алаңы орналастырылған. Сумен қамтамасыз ету тасымал, жергілікті құдыққа су жеткізу насос құрылғысы арқылы жүзеге асырылады. Су сақтауға арналған сыйымдылығына 21.05.2015ж. №199 санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды алынған. Ыстық сумен қамтамасыз ету жүйесі жабдықталған, аристон құрылғысы арқылы жүзеге асырылады. Ал, асханадағы қайнатылған сусындармен тамақтарға фильтрленген су пайдалануда. Жарық жүйесі табиғи және жасанды жолдармен беріледі, ғимаратқа түскен жарық жеткілікті. Жасанды жарықтандыру үшін люминесценттік шамдарды пайдалануды. Бір топта бір үлгідегі шамдар қолданылуда. Бөлмелердегі штепсельді розеткалар және ажыратқыштар еденнен 1,8 м биіктікте орналастырылған. Істен шыққан шамдарды уақытша сақтауға жертөледе жеке үй-жай көзделген. Жылу жүйесі автономды, барлық топта және әкімшілік ғимараттарында қарастырылған. Кәріз жүйесі жергілікті септик арқылы жүзеге асырылады. Себезгі, кір жуу және ыдыс жуу бөлмелерінің едендері траптардың саңылауына қарай еңісі бар ағызу траптарымен жабдықталған. Барлық топтарда үй-жайларды жинауға арналған мүкәммаларды сақтауға және өңдеуге арналған санитарлық торапта бөлек (кабина) орын бөлінген. Балабақшаның қабаттар аралығындағы өту баспалдақтарында табиғи жарықтандыру қамтамасыз етілген, баспалдаққа шамамен 1,0-1,2 метр биіктегі қоршау жасалған. Ғимараттың бірінші қабатында директор, шаруашылық меңгерушісінің кабинеттері, әдіскер, есепші кабинеттері, 3-медициналық бөлмелер, 5-топ (қабылдау бөлмесі, жатын, ойын, асхана ыдыстар жуатын орын, әжетхана), дене шынықтыру, қазақ үйі бөлмесі, асхана, кір жуу орны, төсек-әбзілдерін сақтауға арналған қойма, қызметкерлерге арналған себізгі және әжетхана қарастырылған. Ғимараттың екінші қабатында 7-топ (қабылдау бөлмесі, жатын, ойын, асхана ыдыстар жуатын орын, әжетхана), психолог, пән мұғалімдер кабинеттері, музыкалық және гимнастикалық жаттығуларға арналған зал қарастырылған. Әкімшілік бөлмелер және дәліздерінің төбелері мен қабырғалары суэмульсиясымен әрленген. Топтардың қабырғалары майлы сыр, төбелері суэмульсия, едендері линолеум. Дәліздің едендеріне кафель, директор кабинетіне ламинант, ал қалған әкімшілік бөлмелері мен топтарының едендеріне линолеум төселген. Музыкалық және гимнастикалық жаттығуларға арналған залда терезеге қарама-қарсы орналасқан қабырғасына айна орнатылған. Қабырғасы майлы сырмен, төбесі суэмульсиямен сырланған, еденіне линолеум

төселген. Жанында музыкалық аспаптарды сақтауға арналған үй-жай қарастырылған. Жалпы ғимараттың санитарлық-гигиеналық жағдайы талапқа сәйкес келеді. Жатын бөлмелерді жұмсақ және қатты мүкәммалмен жабдықталған. Әр топта – кереует саны – 20, балалардың бойы мен жасына сай үстел – 6, орындық -20, сынып тақта -1, ойыншықтарға арналған шкаф – 3, телевизор-1, мұғалімге арналған үстел мен кресломен қамтылған. Балалардың жатын бөлмелерінде балаларға арналған кереуеттермен және төсек жабдығымен (матрас) қамтылған. Қабылдау бөлмелері және киім ауыстыратын бөлмелер балалардың және персоналдың сыртқы киіміне арналған шкафтармен және орындықтармен жабдықталған. Әжетханаларында жеке бас гигиенасы құралдарына арналған жеке ұяшықтары бар қабырғаға ілінетін аспалы ілгіштер орнатылған. Балабақшаға шыбындар мен масалардың ұшып кіруінің алдын алу үшін желдету үшін ашылатын терезелерге, терезе желдеткіштеріне, фрамугаларға тор (москиттік сетка) орнатылған. Жаңадан сатып алынған ойыншықтардың сапасы мен қауіпсіздігін растайтын сертификаттары бар. Ойыншықтар бала санына сәйкес келеді. Балалардың тамақтануға арналған ыдыстары үш жиынтығымен қамтамасыз етілген. Пайдаланылатын ыдыстардың сапасы мен қауіпсіздігін растайтын сертификаттары бар, барлығы санитариялық қағидаларға сәйкес келеді. Кір жуатын және үтіктеу бөлмесінің едені кафелденген, қабырғасы жартылай кафель жартылай майлы сырмен сырланған, төбесі сулыэмульсия. Кір жуу орны суық және ыстық су тартылған ваннамен жабдықталған, лас киім кешектерге арналған сөрелер, 12 кг-дық 1-кір жуатын машина-автоматы және 2-үстел орнатылған. Үтіктеу бөлмесінде 2- үтік, 2-үтіктеу үстелімен және төсек жабдықтарын сақтау үшін сөрелермен жабдықталған. Ас блогының едені кафель төселген, қабырғасы 1,8 м биіктікте кафелденген. Ас блогы - тарату бөлмесі бар асүй, асүй ыдыстарын жуу бөлмесі, салқындату камерасы, құрғақ азық-түлік қоймасы және нан кесуге арналған үй-жай. Техникалық жабдықталуы: 2-су қайнату котел, 1-маримет, 1-нан шлейтін құрылғы, 1-нан кесу құрылғысы, 1-нан сақтауға арналған шкаф, 8-камфортты тоқ пешітері, 2-духовкасы бар электр плитасын, 1-тоңазытқыш, 1-ветриналық тоңазытқыш, 5-сөре, 2 шикі және дайын өнімдерге арналған үстел, 1- шайға арналған электрлі су қайнатқыш, 2- раковина, 3-секциялы ыдыс –жууға арналған раковина, шикі және дайын өнімге арналған бөлшектеу үстелдерімен және қызметкерге арналған үстел және тумбамен қамтылған. Ас пісіру цехында механикалық желдету процесі орнатылған. Тамақты ас блогының тарату терезесі арқылы жүзеге асырылады. Асхана ыдыстарын жуу топтардағы буфеттер бөлімінде жүзеге асырылады. Персоналдардың арнайы киімдеріне арналған ас блогының дәлізінде шкаф қарастырылған. Қойма бөлмелерінің қабырғасы дез.ерітінді мен жуып-тазалау құралдарымен жуыға төзімді материалдармен әрленген. Ғимараттың жер төлесінде тағам өнімдеріне арналған тоңазытқыш орналастырылған. Жертөле кіре-берісінің, мұздатқыш орнатылған және құрғақ азық-түліктерге арналған орынның төбелерінің, қабырғаларының, едендерінің, жабдығының беттері тегіс, күлңгір болуы, жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, ылғалды жинау жүргізуге ыңғайлы болуы қарастырылған. Медициналық бөлме 1-қабатта орналасқан, құрамында: медициналық бөлме, емшара, оқшаулау, санитарлық торап, қойма және дезинфекциялық ерітінділер мен жинау мүкәммаларын сақтауға арналған үй-жай қарастырылған. Бөлмелердің төбесі, қабырғасы майлы сырмен сырланып, едендеріне кафель төселген, ал санитарлық тораптың қабырғасымен еденіне кафель төселген, яғни күрделі жинау мен дезинфекциялау жүргізуге ыңғайлы. Қол жууға арналған раковина орнатылған. Медициналық бөлмелер қажетті жиһаздар мен медициналық жабдықтарымен толық қамтылған. Санитарлық нормативтік құжаттары мен журналдары толық. Медбике арнайы киім жиынтығымен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілген, медициналық байқаудан толық өткен. Балабақшадағы қызметкерлер саны – 73, барлығы медициналық байқаудан және гигиеналық оқудан өткен.

9. Құрылыс салуға бөлінген жер учаскесінің, қайта жаңартылатын нысанның сипаттамасы (өлшемдері, ауданы, топырағының түрі, учаскенің бұрын пайдаланылуы, жерасты суларының тұру биіктігі, батпақтану, желдің басымды бағыттары, санитариялық-қорғау аумағының өлшемдері, сумен, канализациямен, жылумен қамтамасыз ету мүмкіндігі және қоршаған орта мен халық денсаулығына тигізер әсері, дүние тараптары бойынша бағыты) (Характеристика

земельного участка под строительство, объекта реконструкции; размеры, площади, вид грунта, использование участка в прошлом, высота стояния грунтовых вод, наличие заболоченности, господствующие направления ветров, размеры санитарно-защитной зоны, возможность водоснабжения, канализования, теплоснабжения и влияния на окружающую среду и здоровью населения, ориентация по сторонам света;)

10. Зертханалық және зертханалық-аспаптық зерттеулер мен сынақтардың хаттамалары, сонымен қатар бас жоспардың, сызбалардың, суреттердің көшірмелері (Протоколы лабораторных и лабораторно-инструментальных исследований и испытаний, а также выкопировки из генеральных планов, чертежей, фото)

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды Санитарно-эпидемиологическое заключение

(санитариялық-эпидемиологиялық сараптама негізінде) (на основании санитарно-эпидемиологической экспертизы)

ҚР Үкіметінің 30.12.2011ж. шығыс №1684 «Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» қаулысының санитариялық қағидалары

Санитариялық ережелер мен гигиеналық нормативтерге (санитарным правилам и гигиеническим нормативам) сай немесе сай еместігін көрсетіңіз (соответствует или не соответствует) (нужное подчеркнуть)

сәйкес келеді

(указать)

Ұсыныстар (Предложения):

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодекстың негізінде осы санитариялық-эпидемиологиялық ұйғарымның міндетті түрде күші бар. На основании Кодекса Республики Казахстан 18 сентября 2009 года «О здоровье народа и системе здравоохранения» № 193-IV ЗРК настоящее санитарно-эпидемиологическое заключение имеет обязательную силу.

Мөр орны

**Мұнайлы аудандық
Тұтынушылардың құқықтарын
қорғау басқарма басшысының м.а.**



Б.Исаева